

Келісемін

ДТІЖО

С.Көшербайұлы

Мектеп директоры



« Мәдени жалпы білім беретін» КММ мектебі

6 –«А» сыныбының біртұтас тәрбие

Бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы

2022-2023 оқу жылына

арналған тәрбие жұмысының жоспары

Мәдени ауылы

Сыныптағы оқушылардың бір біріне деген қарым – қатынасы өте жақсы, бір – бірімен өте тату, қиыншылық кесте бір біріне қол ұшын беруге әзір тұрады. Мектептің қоғамдық жұмыстарына әр уақытта топпен бір кісідей атсалысып қатысып, тапсырылған жұмыстарды уақытында, тиянақты, үлкен жауапкершілікпен атқаралы. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете біледі. Ұл балалар мен қыз балалардың өзара қарым – қатынастары да айтарлықтай жақсы. Сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Олар мұғалімдерге әртүрлі сұрақтар қойып, жаңа тақырыпты толық меңгергілері келеді. Сабаққа оқушылар дайындықпен келіп, жаңа сабақты үлкен зейін қойып тыңдайды. Ата – аналарға келетін болсам, олар сынып өміріне белсенді қатысып отырады. Мектептен қатынастарын үзбейді, көмектерін аямайды. Қосымша сабақтардың өздерінде қалдырмай, үнемі ізденіс үстінде жүреді.

6-«А» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие іс-шаралары мынадай 8 бағытта жүргізілді.

1-Патриоттық санаы қалыптастыру бағыты бойынша өткізілген іс-шаралар:

«Менің Отаным- Қазақстан және мен өз елімнің патриотымын»

Менің Отаным-Қазақстан

Ия, әркімнің өз туған жері-жұмағы. Менің кіндік қаным тамған жер, ұлы дала, байтақ ел-Қазақстан. Мен елімді шексіз сүйгендіктен жүрегімнің соңғы дүрсіліне дейін туған далама адал қызмет еткім келеді. Ұлы даралар салған жолмен жүріп туған тілімізді, дінімізді, сан мыңдаған тарихымызды танып білу үстіндеміз. 1- қыркүйек «Білімдер күні» Ашық тәрбиес сабақ әлеуметтік желіде таратылды.

Мәлімет Бағдатова



2-Рухани-адамгершілік тәрбиесі

Қазіргі таңда осы мәселе, яғни келешек ұрпақтың адамгершілік рухани құндылықтарын дамыту арқылы білім беру мәселесі алға қойылып отыр.



3. Ұлттық тәрбие


Қазақ елінің әлемдік кеңістікке өз жолын тандауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбиемен жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық.



Рухани - адамгершілік тәрбие баланы мейірімділікке, әдептілікке, отаншылдыққа, өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін - өзі жетілдіруге, табиғатты сүйуге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт - бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге үйретеді.

Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күтгірмес мәселе. Оқушыларды табиғатты сүйуге, табиғаттағы барлық жаратылты құрметтеуге насихаттау мақсатында «Құстар біздің досымыз» атты акция ұйымдастырылды. Акцияға ата-аналар да белсене қатысты.





4. «Отбасы тәрбиесі»

Отбасы – барлығымыздың жүрегімізге ең жақын сөз. Ол – махаббат пен тыныштықтың, мейірім пен жарасымның, қуаныш пен мерекенің мекені. Адам баласының өсіп-өнетін алтын ұясы.

6-«А» сынып оқушылары «8-наурыз аналар мерекесіне» орай аналары мен ұстаздарын мерекемен құттықтады. Ролик әлеуметтік желіге жарияланды.

Төмендегі сілтеме арқылы толық мәлімен берілді.

<https://youtu.be/C8ir0FwsFXI?si=JpvVBe1hbZb3SkNZ>



Біздің халқымыз қазақтың батыр қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың есімдерін мақтанышпен атайды.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауын және кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасын қалыптастыру, белсенді азаматтық ұстанымды сақтауда тәрбиелеу үшін жағдай жасау; табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру, оның байлығын арттыруға ұмтылу; балалар мен жастардың "экологиялық санасының" экологиялық сауаттылығының жоғары деңгейін

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі


Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, ақпараттық өзара іс-қимылдағы этикалық нормалар мен құндылықты ұстанымдарын, ақпаратпен жұмыс істеудің функционалдық дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру, жаңа, жеке-маңызды білім алу негізінде білім беру процесінде балалар мен жастардың жеке ұстанымын жандандыру.

Оқушыларды зияттық деңгейін көтеру, білімін асқақтату мақсатында жыл бойы түрлі ашық сабақтар, сайыстар өткізілді.



Дене тәрбиесі және салуатты өмір салтын қалыптастыру

Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Ғалымдар атап көрсеткендей, уақытша жасалатын және адамды тым шаршататын жағтығулар адам пульсын нормадан 80–90% - ке түзетеді. Нәтижесінде жүректегі оттегіні сіңіруі шұғыл көбейеді, бұл өз кезегінде адамның атеросклероз ауруына шалдығуын тездетеді. Халықаралық Денсаулық Сақтау Ұйымы адам денсаулығына келесідей анықтама береді: «Адам денсаулығы – бұл тек қана аурулардың немесе физиологиялық дефектілердің жоқтығы емес, соған қоса оның физиологиялық, рухани және әлеуметтік жағдайының үйлесімділігі». Барлық аурулар жүйке жүйесінен басталады деген сөз бар. Дәл осы рухани және әлеуметтік денсаулық болып табылады. Бірақ әрбір адам алкогольден, темекі шегуден және жұмыстан бас тарта алмайды. Ата-аналармен бірге өткен «Бакытты отбасымыз» атты спорттық сайысы өткізілді. Өткізілген спорттық сайыс Республикалық «Білім айнасы» атты журналға жарияланды.



2022-2023 оқу жылы Мәдени жалпы білім беретін мектеп КММ

ЕСЕП

6 «А» сыныбының 2022-2023 оқу жылдағы жылдық тәрбие жұмысының есебі

2022-2023 оқу жылындағы 6-«А» сыныбындағы жалпы оқушылар саны: 21

Ұлдардың саны: 11

Қыздардың саны: 10

Сыныптың ұраны: «Біз бірлік арқылы болашақтың кемел жастары боламыз»

Сыныптың жалпы оқушыларына міндеттемелік талдау

6-«А» сынып оқушылары оқ бағдарламасын терең меңгеруде өздерінің ізденімпаздығы және алға қарай ұмтылғыштығымен ерекше көзге түскен оқушылар болып табылады. Оқушылардың еркін пікірлеп, еркін ойлауы жоғары деңгейде. Сынып оқушыларының мектеп мотивациялары оң, сабаққа қызығушылықпен келеді, көңіл-күйлері көтеріңкі. Сыныптың әлеуметтік деңгейі: Ұжымда оқушылар жақсы қарым-қатынаста. Сынып оқушылары ұйымшыл. Сонымен қатар сыныпта шығармашылыққа бейім оқушылар бар. Жалпы сыныптан тыс шараларға, сабақтарға белсене қатысады. Сынып белсенділері – оқу секторы, мәдениет, тазалық, шаруашылық секторы және дене тәрбиесі мүшелері де өз жұмыстарын тиянақты атқарады. Оқушылардың бәрі де сыныптан тыс шараларға, үйірмелерге белсене қатысады. Жыл бойы түрлі байқау мен сайыстардың белсенді қатысушысы ретінде танылған. Сыныптың 85% оқушылар мектеп қасында ашылған үйірмелерге жазылып, бос уақыттарын тиімді өткізуге тырысады. Оқушылардың еңбек қатынасына деген ынта – жігері орта.



Мәдени жалпы білім беретін мектебін 6 «А» сыныбында 18 наурызда «Наурыз-жаңа күн!» тәрбиелі іс-шарасы болып өтті.

Максаты: Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Нақыл, қанатты сөздер, киіз үй жабдықтары, дастархан.

І. Ұйымдастыру бөлімі.

Кіріспе. Мұғалім: Армысыздар, ұстаздар, оқушылар, қонақтар! Дәстүрімізге айналған Ұлыстың ұлы күні – Наурыз құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып жаңа жыл келді.



Қош келдің, әз-наурыз!



6-«А» сыныбында 24 мамыр күні «Сыңғырла қоңырау» атты мерекелік іс-шара болып өтті.

Тақырыбы: «Сыңғырла, сыңғырла, күміс қоңырау»

Максаты: Адамгершілік құндылықтары берік негізі бар нәтижеге бағдарланған жан-жақты тұлға қалыптасуына бағыт-бағдар беру; туған жеріне, мектебіне, ұстаздарына, ата-аналарына деген сүйіспеншілік, ризашылық сезімін дамыту; Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, елжандылыққа тәрбиелеу.

Ата-аналар жиналысына ЕСЕП

1. Оқушының мектеп ережесіне бейімделуі;
-ата ана комитеті сайланды;
2. Жанұялық тәрбиеге ата-аналар арналған тренинг қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің ролі.
3. Ата-ана өз баласының өмір қауіпсіздік және көшеде жүру тәртібі мән беруі туралы ескертілді.

1. Ата-аналар жиналысы

1- IV-ші тоқсанның аяқталуына байланысты жиналыс өтті.

2. Оқушы тәртібі мен оқу үлгірімі және оқушылар жетістіктер жөнінде айттым.

«Бала қабілетінің даму деңгейін анықтау» ата-ана үшін анкета толтырылды.

3.Ата-аналар жиналысы

«Отбасы – тәрбиенің ұясы» тақырыбында жиналыс өтті. Ата-аналарға бала тәрбиесі жөнінде психологиялық тұрғыдан кеңес берілді. Мектеп психологы Тіленшиев М. 1 түрлі әдіс –тәсілдермен тренинг сабақ өткізілді. Оқушылардың оқу үлгерімі жайлы айтылып оқушы партифолиясымен таныстырылды.

4.Ата-аналар жиналысы

Күн тәртібінде барлық тоқсанның аяқталуына байланысты сабақты қорытындылау мәселесі қойылды.

Табельге қол қойылды. Өмір қауіпсіздігі жол ережесі және техникалық қауіпсіздігі жайлы айтылды.

5.Ата-аналар жиналысы

Күн тәртібінде оқу жылының аяқталуына байланысты сабақты қорытындылау айтылды. Оқушылардың жазғы демалысқа кетуіне байланысты өмір қауіпсіздігіне қол қойылды.

Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Отбасы мүшелерінің арасында бауырмалдылық, қайырымдылық, достық, қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында ата-аналардан сауалнама алынды.

Ата-аналармен өткізілген жиналыс, тренинг сабақтардан үзінді:





Жыл бойында сыныпта оқу барысында ата-аналармен тоқсан соңында оқушылардың оқу үлгерімі, кездескен қиындықтар және оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жиналыстар өткіздім.

